

ТҮРКІ ТІЛДЕС ЕЛДЕР АРАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ: ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯСЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

Галия ТОКТЫМАНОВА *

Аннотация: Мақалада түркі тілдес елдердің қазіргі кезде жақындасуының, ықпалдаса дамуға ұмтылуының тарихи тамыры ертеде жатқанын көреміз. Ежелгі Түркі қағанатының ұрпақтары бүгінгі күні жеке-жеке мемлекет болып таралып жатқанымен, өздерінің түбі бір тегіне қарай ықпалдасуы түркі өркениетін әлемдік өркениеттің бір бөлігі ретінде дамытуға деген ұмтылушылықтан туғандығы. Түркі тілдес елдердің саяси, сауда, экономикалық және мәдени қатынастарды бірлесе отырып дамытуға деген ұстанымдары қазіргі ғаламдану заманындағы жер бетінің әр түпкірінде болып жатқан ықпалдасу үдерісінің бір көрінісі ғана. Сондықтан түркі елдерінің әлемдік саясаттан, халықаралық қатынастардан біріге отырып, ынтымақтаса отырып орын алуы заңды құбылыс. Түркі әлеміндегі ынтымақтастық, оның даму тенденциялары мен қазіргі жағдайына шолу жасау арқылы, бірлік, жер бетінде бейбітшілікке негізделген әлем кұруда маңызды үлес қосары сөзсіз.

Тірек Сөздер: *Түркі Тілдес Елдер, Түрксоь, Түркпа, Ақпараттық Кеңістік, Ықпалдасу Үдерісі.*

Cooperation of Turkish-Speaking Countries: Development Trends and Current Situation

Abstract: In the article, we see that the historical roots of the rapprochement of Turkic-speaking countries in modern times, the desire for integrated development, go back to ancient times. Although the descendants of the ancient Turkic Khaganate today spread as a separate state, their integration into one lineage was born out of the desire to develop the Turkic civilization as part of the world civilization. The principles of the Turkic-speaking countries for the joint development of political, trade, economic and cultural relations are only one of the manifestations of the process of rapprochement taking place at different ends of the Earth in the modern era of globalization. Therefore, it is a natural phenomenon for the Turkic countries to unite and cooperate in world politics, international relations. Cooperation in the Turkic world, through an overview of its development trends and current state, will undoubtedly make an important contribution to the creation of a world based on unity, peace on earth.

Key Words: *Turkic-Speaking Countries, Turksoy, Turkpa, Information Space, Integration Process.*

Басқа мемлекеттерге қарағанда Түркияның тәуелсіздігін алған Қазақстан және Орта Азия мемлекеттерінің тез арада дипломатиялық қарым-қатынас орнату үшін алдыға ұмтылу тарихи заңдылық деп қарауға болады. Өйткені бұл халық арасындағы салт-дәстүрлермен, дінімен, тілімен, ата тегімен, әдет-ғұрып пен санасы бір түркі халықтарының ортақ тобына жататыны бізге бұрыннан тарихтан белгілі. Сондықтан да, тегі бір түркі халықтарының шыққан аймағына қарай тең дәрежеде жақындасуы ешкімнің аландауын туғызбайтын заңды құбылыс болып табылады.

Тарихымыздың ортақ негізі бар, мәдениеті мен тілі өте жақын, бауырлас түркі тілдес мемлекеттер арасындағы достық, ынтымақтастық, саяси мәселелері еуразия даласында орналасқан әрбір елді бейбіт өмір сүруге, халықтар арасындағы мәдени және рухани көпірдің берік болуына, экономиканың, гуманитарлық-мәдени салаларындағы байланыстар мемлекетаралық ынтымақтастыққа жетелейді.

Жалпы, түркі тілдес мемлекеттердің ынтымақтастығы, ТМД құрамындағы әрбір тәуелсіз мемлекеттердің тұтастығын сақтау ең бірінші алғышарты болып табылады. Өйткені, әрбір түркі тілдес ел бір-бірімен етене жақындасып, билік өкілдері ғана емес, сол елдің әрбір азаматы да ынтымақтасатын болса, болашағы жарқын одақ құрып, саясаты берік және экономикалық нарықта бәсекеге қабілетті, ең бастысы, әлеуметтік тұрақты рухани нарыққа айналуға болады. Түркі тілдес ел арасындағы ынтымақтастық кеңесінің құрылуы дәл осының айғағы болып отыр. Кеңестің құрылуында, Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың көшбасшылығы, бастамашылығы талассыз. 2009 жылдың 3 қазан күні Әзірбайжан Республикасының Нахчыван қаласында «Түркі тілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесін» құру туралы келісім қабылданды. Оған Қазақстан, Әзірбайжан, Қырғызстан, Түркияның

* Педагогика Ғылымдарының Магистрі, Аға Оқытушы, Қазақстан-Ресей Медициналық Университеті, g.toktyman@gmail.com

мемлекет басшылары арнайы шақырумен қол қойды. Бұл түркі халықтарының бірлігін нығайтатын құжат ретінде жалпы аймақтық түркі бірлестігін құруға негіз болды. Түркі тілдес елдер арасындағы мәдени, тарихи, тіл және ұлттық байланыстарды дамытуға бағытталған шаралар мен елдер арасындағы қарым-қатынасты нығайту үшін жасалған бастамалар маңызды болып табылады. Бұл байланыстардың ішінде жалпыға ортақ ақпараттық-технологиялық кеңестікті құру өте маңызды шараларға бағытталды. Түркі әлеміндегі әрбір халықтың ортақ құндылықтарын бірегейлендіруде, оларды дамытуда, болашақ ұрпаққа тарату мен халықаралық деңгейде үлкен жетістіктерге жету арқылы ортақ ақпараттық-технологиялық кеңестіктің өте маңызды рөл атқаратыны Қазақстан Республикасының Президентінің тарапынан айрықшаланып отыр.

Отыз жылдай уақыт ішінде түркі елдерінің ынтымақтасу үдерісі біртіндеп қалыптасып, кезең-кезеңмен дами отырып, өзара ықпалдастықты дамытуға қажетті мекемелердің құрылып, тұрақты түрде жұмыс жасау деңгейіне жетті. Жалпы өркениет тарихында бүкіләлемдік түркі тілдес халықтарының рухани мұрасының орны өте жоғары, және ол ғаламдық мәдениеттің ажырамас бір бөлігі болып табылады. Түбі бір түркі халқының ортақ рухани-материалдық және мәдени-ұлттық игілігін сақтап, дамыта отырып, болашақ ұрпаққа аманат етуді көздеген түркі тілдес елдердің халықаралық ұйымдарға мүше болуымен бастау алған. Осы бағыттағы алғашқы қадам 1993 жылы қызметі түркі елдерінің мәдени ынтымақтастығын дамытуға негізделген ТҮРКСОЙ (түркі елдерінің мәдениет және өнер саласындағы одағы) ұйымының құрылуынан басталғаны белгілі, осы кезеңге дейін бұл Ұйым түркі елдерінің мәдени мұрасын жаңғырта дамытып, әлем жұртшылығына түркі мәдениетінің тамаша туындыларын танытуға бағытталған қызметін үзбей жалғастырып келеді. Осыдан соң Түркі Парламент Ассамблеясы (ТүркПА), Түркі ынтымақтастық Кеңесі (ТК), Түркі Ақсақалдар Кеңесі, Халықаралық Түркі Академиясы, Түркі мәдениеті және мұрасы Қоры, түркі елдерінің сауда-өндірістік Палатасы сияқты түркі елдерінің ынтымақтастығын үйлестіре дамытуға бағытталған мемлекетаралық құрылымдардың қалыптасып одан әрі тұрақты жұмыс жасауы түркі елдерінің өзара ықпалдасу үдерісінің уақытша емес, тұрақты түрде дамуға негізделген ынтымақтастық екенін көрсетіп берді. Бұл құрылымдардың аясында мемлекет басшыларының, қажетті мемлекеттік органдардың мәжілістері өткізіліп, экономика, мәдениет, көлік-коммуникация мәселелері бойынша тиісті келісімдерге қол қойылып, көптеген іс-шаралар жүзеге асырылуда.

Түркі халықтарының арасындағы мәдениет көпірі болып табылатын ТҮРКСОЙ одағының іргетасы қаланып, қазіргі уақытта жұмыстарын жылдан жылға жандандырып келе жатқан ұйымдарының бірі. (ТҮРКСОЙ атауы түріктің Türk Kültür ve Sanatları Ortak Yönetimi деген сөздерінің аббревиатурасынан алынған).

Оның мақсаттары:

- түркі тектес және түркі тілінде сөйлейтін халықтар арасында өзара түсінушілікке ұмтылу;
- түркі халықтарының мәдениеті мен өнерінің дамуының және өркендеуінің қажеттілігі;
- болашақ ұрпақ үшін ұлттық мәдениетін сақтау және достық қарым- қатынасты қамтамасыз ету;
- түркі халықтары қауымдары арасында мәдениет және өнер саласындағы ынтымақтастығын дамыту.
- түркі әлемінің мәдени құнды туындыларын зерттеп, сақтап, оны әлем деңгейінде таныту үшін көбейту.
- түркі әлемінің архитектуралық ескерткіштерін тауып, оны бір жүйеге келтіріп, сақтау шараларын ұйымдастыру.

- түркі халқының ұлттық мәдениетінің сақталуын және оның ерекшелігінің қайта жаңғыртылуына күш беру.

- түркі елдерінің мәдениетінің халықаралық анықтама орталығы мен архивін құру.

- әлем тарихы сипатында түрік мәдениетінің өркендетілуі және насихатталуы.

ТҮРКСОЙ - мүше елдердің басты мәдени оқиғаларын, мерейтойларын, атаулы күндерін халықаралық деңгейде атап өтуіне ерекше мән берілді. Атап өтетін болсақ Қазақстан тарапынан ЮНЕСКО деңгейінде атап өтуге қатысты жұмыстардың қандай нәтижеге жететініне қарамастан, қазақ фольклорының керемет үлгісі «Қыз Жібек» эпосының құрметіне ТҮРКСОЙ тарапынан бірнеше шаралар ұйымдастырылды [1].

Сонымен бірге Түркі академиясының алдына әлемдік түрколог ғалымдарды қатыстыра отырып, түркология жөнінде халықаралық зерттеулерді жүргізу, түркологтардың халықаралық комитетін құру, түркі тілдері мен әдебиеттері деректерінің бірыңғай халықаралық базасын, электронды кітапханасы мен мұрағатын қалыптастыру, түркі жазба ескерткіштерін жүйелеу, шағын санды түркі халықтарының бірлесіп тұратын жерлеріне экспедициялар ұйымдастыру, шығыс елдерінің кітапханалары мен архивтерінде сақталған түркі халықтарының тарихи құжаттарына сүйене отырып, көне түркі халықтарының орналасу картасының көшірмелерін әзірлеу секілді аса өршіл міндеттер қойылып отыр [2, 32-б.].

Түркі тілдес түп-тамыры бір түркі елдері арасындағы халықтардың басын біріктіретін үлкен халықаралық ұйым (ТҮРКСОЙ) мемлекеттер арасындағы достық қарым-қатынасты жандандыруға, ортақ мәдениетіміз бен тілімізді, тарихымыз бен өнерімізді, салт-дәстүр мен әдеп-ғұрыпты сабақтастыра зерттеп, рухани игіліктерді келешек жас ұрпаққа көздің қарашығындай сақтап жеткізу, түркі дүниетанымындағы ортақ тіл мен әліпби қолдану мүмкіндіктерін дұрыс пайдалануды мақсат тұтса, бүгінгі күнде биік белесті бағындырып ғана қоймай нақты іс-шараларды жүзеге асыруда.

Ата-бабаларымыздың қасиетті көне жауһар мұраларының бірі, ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұралар тізіміне еніп отырған Наурыз мерекесі осындай ТҮРКСОЙ-дың дүниеге келу себебімен байланысты. Ұмыт бола бастаған салт-дәстүрлер мен көздің қарашығындай сақтап келе жатқан ұлттық құндылығымызды қорғау қашанда өзекті.

Жалпы ортақ тарихи, мәдени, ұлттық байланыстарды нығайтып отырған түркі тілдес елдер арасындағы даму қажеттілігі үнемі ерекшелеп келеді. Атап айтқанда, Түрк ПА-ның II-жалпы отырысына қатысушыларға Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаевтың құттықтау жолдауында: «Түркі әлемі біздің мәдени мұраларымызды етене байланыстыратын алтын арқау. Түп тамырымыз бір, тарихымыз, дініміз, тіліміз және мәдениетіміз ортақ. Біздер осы игіліктеріміз бен құндылықтарымызды жасампаздық жолына пайдалануымыз қажет. Бүгінде тамырлас халықтардың неғұрлым тығыз жақындаса түсуі жолында Түркі Кеңесі, ТҮРКСОЙ, Түркі Академиясы сияқты құрылымдар, сондай-ақ Түркі тілдес елдердің Парламенттік Ассамблеясы арқылы нақты қадамдар жасауға мол мүмкіндік туып отыр. Ассамблея – парламентаралық ынтымақтастықты одан әрі тереңдетуге аймақтық және халықаралық интеграциялық процестерді жандандыруға зор еңбек сіңіруде. Бұл игі қадамдар біздің елдеріміздегі бейбітшілікке, тұрақтылыққа және өркендеп дамуға жол ашуда», - делінген. [3].

Бүгінде ТҮРКСОЙ-дың қамқорлығымен түрлі форматтағы және бағыттағы іс-шаралар жыл сайын өтеді: классикалық және ұлттық аспаптар музыкасының концерттері, фотографтар мен суретшілердің көрмелері, театр труппаларының, музыкалық және би ұжымдарының және түркі әлемінің басқа да өнер өкілдерінің фестивальдері. Халықаралық шығармашылық зертханалар, мастер-кластар,

шығармашылық кездесулер, ұлттық спорт түрлері бойынша жарыстар – мұның бәрі достастық күнтізбесінде жылда жоспарланып тұрады.

Әлемнің көптеген елдеріндегі жұртшылық ТҮРКСОЙ қамқорлығымен жұмыс істейтін, әлемдік сахналарда түркі халық музыкасын ойдағыдай насихаттайтын халықаралық ұжымдарға тәнті. Жастар камералық оркестрі мен жастар камералық хоры үш рет Еуропалық хор ойындарының алтын жүлдегерлері атанды, көптеген елдердің көрермендері өзінің таланты мен халық аспаптар оркестрін бағындыруда. Жақында "Қорқыт Ата" Халықаралық Түркі әлемі кинофестивалін түркі әлемінің мәдени астаналары жариялаған қалаларда өткізу және іс-шаралар тізіміне енгізу туралы шешім қабылданды.

Баспасөзге арналған ТҮРКСОЙ марапаттары да дәстүрлі түрде бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне, өз міндеттерін атқаратын және ТҮРКСОЙ-ға мүше елдерде, сондай-ақ басқа елдерде жұмыс істейтін жеке тұлғалар мен мекемелерге бүкіл әлемде бай түркі мәдениетін насихаттау және тарату, кең аудитория үшін мәдени іс-шараларды өткізуге жәрдемдесу мақсатында беріледі.

Түркі әлемінің бай мәдениеті мен білімі қазіргі медиа арналарда лайықты орын таба алады деп санайтын ТҮРКСОЙ-ға БАҚ өкілдерінің қосқан үлесі мен адалдығының арқасында ғана қол жеткізуге болады. Бұл марапаттар жыл бойғы табысты жұмысы үшін, сондай-ақ басқа сала қызметкерлеріне шағын алғыс белгісі ретінде беріледі, бұл сонымен қатар елдер арасындағы өзара әрекеттесуді кеңейтуге және ақпарат алмасуды жеделдетуге ықпал етеді.

Түркия Республикасының Мәдениет және туризм министрлігінің ұсынысымен ТҮРКСОЙ-ға мүше елдері Мәдениет министрліктерінің қабылдаған шешімі бойынша 2015 жыл «Халдун Танер жылы» болып бекітілген еді. Биыл түркі дүниесінің түрік жазушы-драматургы түкпір-түкпірінде түрік жазушысына арналған жиындар мен еске алу кештері ұйымдастырылған еді. Соның бірі 2015 жылдың 26-мамырында ТҮРКСОЙ ұйымы Алматы қаласында Қазақстан Жазушылар одағымен бірге шығармашылық кеш өткізді.

2014 жылдың 21 қараша күні «Қазан - түрік әлемінің мәдени астанасы 2014» жылының жабылуына арналған салтанатты шаралар аясында Татарстан Республикасының Қазан Ратушасында Түрік мәдениеті халықаралық ұйымының (ТҮРКСОЙ) Тұрақты кеңесінің 32-ші отырысы өтті. Қазақстан атынан кездесуге ҚР Мәдениет және спорт министрі Арыстан-бек Мұхамедиұлы қатысты. Отырыс алдында түркі тілдес мемлекеттердің мәдениет министрлері Татарстан Республикасының Президенті Рустам Миннихановпен кездескен болатын. Президент мырза кездесуге келген қатысушыларды ТҮРКСОЙ Тұрақты кеңесінің 32-шы Отырысының ашылуымен құттықтап, әңгімелесулер барысында жемісті нәтижелерге қол жеткізуді тіледі. Өзара ықпалдастықтың арқасында біздер түркі әлемінің бай мұрасын сақтауға және мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықтың нығаюына қызмет етіп отырмыз. Қазан қаласы Астана мен Ескишеһир қалаларынан кейін түркі әлемінің мәдени бас қаласы атанды [4].

ТҮРКСОЙ ұйымының құрылғаннан бастап түркі мәдениеті, өнері әдебиетін әлем жұртшылығына танытып, түркі елдерінің тамаша өнер туындыларының әлемдік өркениеттік дамуына қосқан орасан зор үлесін көрсетуде үлкен рөл атқарып отырғандығы сөзсіз.

Түркі елдері арасындағы ықпалдасу үдерісі бүгінгі күні әлемдік экономикалық ықпалдасудың бір бөлшегі ретінде дамуда.

Осындай мүдделер үндестігі негізінде орнаған ынтымақтастық қатынастарды дамытудың қазіргі кезде механизмі анықталды десе болады. Түркі әлемінде 2006

жылдан былайғы кезең түркі елдерінің ықпалдаса дамуына біраз серпін берді деуге болады.

Оның себебі Түркі тілдес елдер арасындағы мүдделер үндестігін үйлестіруде түркі елдерінің арасындағы ынтымақтастықтың нәтижесі ретінде Түркі Парламентаралық Ассамблеясының (ТүркПА) және Түркі елдері Ынтымақтастық Кеңесінің (ТҮК), Түркі халықтарының ақсақалдар кеңесінің құрылуының тарихи маңызы өте зор десе де болады.

2023 жылдың маусым айында Халықаралық Түркі мәдениеті ұйымының (ТҮРКСОЙ) құрылғанына 30 жыл толуына байланысты Алматының екі жетекші музейінде атап өтілді. ҚР Орталық мемлекеттік музейінде "Мыңжылдықтар тоғысындағы өркениет", ал ҚР Мемлекеттік өнер музейінде "Мыңжылдықтар тоғысындағы өркениет" экспозициясы ашылды.

Қазақстан белсенді мүшесі болып табылатын Түрік ұйымы түрік елдері мен халықтарын ұлттық мәдениеттерін дамыту, түркі тарихи-мәдени мұрасын сақтау және насихаттау мақсатында біріктіреді.

"Мыңжылдықтар тоғысындағы өркениет" көрмесінде қазақстандық мәдениет-сәндік-қолданбалы және зергерлік өнер, дәстүрлі киім, кілем-киіз басылымдар, ұлттық музыкалық аспаптар, дәстүрлі тұрмыстық заттар кеңінен ұсынылды. Орталық экспонат-Алматы облысындағы Есік қорғанынан табылған б.з. д. VII-VIII ғасырлардағы "Алтын адам" бейнесін қайта жаңарту. Сондай-ақ, ерте жылқы өсірушілер Ботай кентінен алынған артефактілер, ортағасырлық Жібек жолы бойында пайда болған заттар, Абай Құнанбаев пен Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің қолдары үлкен қызығушылық тудырады.

Қастеев атындағы мемлекеттік өнер музейінде "Біз біргеміз" ретроспективті көрмесіне мұражай коллекциясынан – алғашқы кәсіби Алматы өнерінен бастап Ағымсалы Дүзелханов пен Миржан Нұрғожиннің "Тұран романтизмінің" өкілдеріне дейінгі 40-тан астам көркем және мүсіндік туындылар кіреді. Көрме кеңістігінің негізгі бөлігі XX ғасырдың ортасы мен екінші жартысындағы шеберлерге беріледі, оларды қазақстандық эшкерелеу өнерінің классиктері деп атайды. Бұлар Әбілхан Қастеев, Әубәкір Исмаилов, Сабур Мәмбеев, Айша Ғалымбаева, Қанафия Тельжанов. Табиғат пен адам бір-бірімен байланысты. Қазақ даласы-жанды мотив қана емес, сонымен қатар Отанның жалпыланған символдық бейнесі. Ол ұлттық, рухани, тарихи және мәдени сабақтастықтың әмбебап символы ретінде әрекет етеді. Қазақстанның әйгілі суретшілерінің шығармаларында ежелгі заманнан бері түрік халықтарын біріктіріп келе жатқан рухани және этикалық құндылықтар бар.

Екі көрменің ашылу салтанатына ТҮРКСОЙ Халықаралық Ұйымының Бас хатшысы Сұлтан Раев пен ҚР Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет комитетінің төрағасы Арман Жүдебаев қатысты. Оңтүстік астананың шығармашылық зиялыларының өкілдері ТҮРКСОЙ ұйымының мерейтойлық медальдарымен марапатталды. Олардың қатарында ҚР Мемлекеттік өнер мұражайының директоры Ғұлайым Жұмабекова да бар.

Қазақстан Түркиямен қатар түркі интеграциясының локомотиві болып саналады. Біздің міндетіміз-түркі әлемін мәдени достастық арқылы біріктіру және халықтарымыздың мәдениетін насихаттауда көп еңбектер атқарылып жатыр.

Осының бәрі түркі елдерінің өзара ықпалдасу үдерісі үлкен болашағы бар, бейбіт түрде қалыптасып дамып келе жатқан құрылым екендігінің айғағы. Сондықтан бүгінгі күні түбі бір, ортақ тарихы бар, тілі мен діні бір түркі елдерінің осы бір ынтымақтастығының даму жағдайына нақты деректер бойынша зер салып қарап, тиісті деңгейде баға беріп, бұл құрылымның әлем қауымдастығында алатын өзіндік орны бар екендігін ғылыми жағынан негіздеу қажеттігіне уақыт жеткен сияқты.

ТҮРКСОЙ-дың қызмет саласы өте кең. Сібірден Балқанға дейінгі кең географиялық кеңістіктегі ортақ мәдениетіміз әлемде оның алуан түрлілігі мен ұсынылған және насихатталған. Осы жылдары суретшілер, жазушылар, ақындар, мүсіншілер, фотографтар, театр және кино қайраткерлері, өнер өкілдері ТҮРКСОЙ іс-шараларында бір-бірімен танысып, байланыс орнатты. Түрксоидың үш ұжымы құрылды. Жастар камералық оркестрі, жастар камералық хоры және халық аспаптар оркестрі. Әр ұжымда қатысушы елдердің өнер қайраткерлері бар. Ұжымдар Түркі әлемінің бай мәдениетін қатысушы елдерде де, беделді залдарда да, Еуропа мен Америка фестивальдерінде де ұсынады. 2012 жылдан бастап түркі әлемінің маңызды тарихи және мәдени қалалары Түркі әлемінің мәдени астаналары болып жарияланды. Осы іс-шаралар арқылы біздің данышпан тұлғаларымыз бен мәдени астаналарымыз бауырлас халықтар арасында да, бүкіл әлемде де кеңінен танымал. 2016 жылы ТҮРКСОЙ Тұрақты Кеңесінің шешімімен Шеки қаласы түркі әлемінің мәдени астанасы болып жарияланды. Тарихи Жібек Жолында орналасқан және бай мәдениеттің тірі символы болып табылатын Шеканың мәдени астана ретінде жариялануы "мультимәдениет жылына" тамаша сыйлық болды.

ТҮРКСОЙ Түркі мәдениетін, әдебиетін, өнерін дәріптеу мақсатында орасан зор жұмыс жүргізеді, 1994 жылдан бастап бүкіл түркі мәдениетін насихаттауға және әлемге танымал етуге бағытталған маңызды жобаларды іске асырады. ТҮРКСОЙ-дың мақсаты – барлық жастағы оқырмандарды түркі мемлекеттерінде бар бай әдеби және ой мұрасымен таныстыру арқылы ортақ мәдени болашақ құру. Түркі республикаларында ой мен өнер әлемінде пайда болған заманауи жазушылар мен ақындар біздің ортақ мәдениетіміздің дамуына зор үлес қосуда. Қазіргі әлемдегі мәдениет үлкен маңызға ие.

Ежелгі түркілердің түркіге деген адалдығы, түркіизм идеясы біздің бес ортақ ескерткіштерімізде көрініс тапты, олар: Орхон хаттары, "Қорқыттың кітабы", "Дивани-лұғат-ат-түрік", Жүсіп Баласағұнидің "Кұтадғу Білік" поэмасы, Қожа Ахмет Яссауидің "хикметтері". Хадистердің бірінде: "Шығыста Алланың әскері бар, оның аты түріктер. Ол оларға қарсы шыққандарды олардың көмегімен жазалайды". Бұл хадис Исламға дейінгі дәуірде Түрік - Атилланың Рим империясына жорықтарына байланысты пайда болды деп санаймыз.

ТҮРКСОЙ Түркі әлемінде ежелгі түркілердің әлемдік мәдениетке қосқан зор үлесін кеңінен насихаттайды. Осы тұрғыдан алғанда, ірі жобалардың бірі-жалпы түркі тарихы туралы кітап. Түркі халықтарына ақсақал Қорқыттың, Мовлана философиясының, Юнус Эмренің ойлары қажет.

ТҮРКСОЙ болашақ ұрпаққа бауырластықты, түркі халықтарының тіл бірлігін, ортақ түркі мәдениетін жеткізу жөніндегі маңызды миссияны орындайды. ТҮРКСОЙ түркітілдес халықтар арасында тығыз байланыс орнатады. Исмаил Гаспринскийдің "тілдегі, ойлардағы және іс - әрекеттердегі бірлік" идеясын бүгінде ЮНЕСКО-ның түркі әлемі-ТҮРКСОЙ жүзеге асырады.

ТҮРКСОЙ әдебиет, өнер, мәдениет салаларына үлкен үлес қосқан көрнекті тұлғалардың құнды туындыларын таратуда, мәдениетімізді байытуда, оны тек түркі географиясында ғана емес, бүкіл әлемде танымал етуде, достық және бауырластық байланыстарды орнатуда баға жетпес еңбегі бар.

Якутиядан Еуропаға дейінгі барлық түркі халықтарының "Восточный базар" музыкалық фестиваліне қатысуы, ТҮРКСОЙ мүше мемлекеттердің 6 Опера театрының қойылымдарын ұйымдастыру және Ұлы Ұзеир Гаджибейлидің "Кероглу" операсын түркі мәдениетінің теңдесі жоқ туындысы ретінде бүкіл әлемге танымал ету – ТҮРКСОЙ бүгінгі күнге дейін іске асырған ірі жоба болып табылады. Жобаға қатысушы елдердің 6 Опера театрының 250 өнер шебері қатысты, спектакльдер 4 елдің 5 қаласында (Бішкек, Алматы, Анкара, Баку және Ыстамбұл) үлкен табыспен өтті. 2013

жылы Узеир бектің әйгілі "Аршын мал алан" опереттасының 100 жылдығына орай ТҮРКСОЙ мен Әзірбайжан Мәдениет және туризм министрлігінің бірлескен ынтымақтастығы нәтижесінде опереттаның концерттік нұсқасы ЮНЕСКО сахнасында көрсетілді. Бұл жобаға Әзірбайжан, Қазақстан, Қырғызстан және Түркия опера шеберлері қатысты.

2018 жылдың наурыз айында 1453 жылы Сұлтан Мехмед Фатих құрған Стамбул университетінде мовланға арналған алмасу бағдарламасы бойынша "ежелгі түркі эпостары" және "түркі халық әдебиетіне кіріспе" пәндері бойынша дәріс оқыды. Әдебиеттің көрнекті қайраткерлері - жазушылар, ғалымдар оқыған университетте сабақ беру-үлкен мақтаныш. 26 наурызда "Түркі мәдениеті тарихының қазыналары" атты конференция ұйымдастырылды, онда "Қорқыттың кітабы", "Дивани-лұғат-ат-түрік", "Құтты білік" байланысты сөз болды.

ҚазҰУ доценті Ж.Момынкұлов пікірінше, «Түркі интеграциясының мақсаты – бірлесіп күшейіп алып, өзге мәдени және этностық топтарға қарсы шығу емес, керісінше, қазіргі күрделі жаһандық жағдайда өзінің түркілік болмысын, мәдениетін, тілін сақтап қалу үшін ортақ мәдени-ақпараттық кеңістік құру және сауда-шаруашылық байланыстарын нығайту үшін өзара тиімді экономикалық жобаларды іске асыру. Қазіргі аумалы-төкпелі кезеңде түркі мемлекеттерінің жекеленіп, бөлектенуі немесе оқшаулануы келешек тұрғысынан қауіпті» [6].

Түркі тілдес мемлекеттер ынтымақтастығы аясындағы ақпараттық саладағы ынтымақтастық, ортақ ақпараттық кеңістік, БАҚ бірлігі, Интернет желісіндегі ынтымақтастық арқылы шынайы демократиялық құндылықтарды насихаттау да аса маңызды бағыт болып табылады. Бұл ынтымақтастық «полиэтникалық тұтастық, діни келісім, мәдениеттер диалогы, ортақ мәдени игіліктер құру, жалпыадамзаттық гуманизм мен түркілік руханияттық құндылықтар аясында т.б. жүзеге асуы қажет» [7, 926.].

Түркі тілдес елдер арасында ТҮРКСОЙ ұйымының жүргізіп отырған жұмыстары түркі мәдениетін жоғары бір сатыға көтеріп, түркі өнері, мәдениетінің ерекшеліктерін, тамаша туындыларын әлем елдеріне таныстырып үлкен жұмыстар атқарып отырғаны сөзсіз.

Түркі тілдес елдер үшін Түркияның қазіргі кезде күшейіп келе жатқан экономикалық даму тәжірибесі, Азия және Еуропа елдерінің ортасындағы геосаяси орналасуының қолайлығы маңызды болса, Түркия үшін Орталық Азиядағы түркі елдерінің табиғи минералды байлықтары мен бұл елдердің рынок көзі ретіндегі қабілеті маңызды болып отыр.

Түркі тілдес елдердің қазіргі кезде жақындасуының, ықпалдаса дамуға ұмтылуының тарихи тамыры ертеде жатқанын көреміз. Ежелгі Түркі қағанатының ұрпақтары бүгінгі күні жеке - жеке мемлекет болып таралып жатқанымен, өздерінің түбі бір тегіне қарай ықпалдасуы түркі өркениетін әлемдік өркениеттің бір бөлігі ретінде дамытуға деген ұмтылушылықтан туғандығы. Түркі тілдес елдердің саяси, сауда экономикалық және мәдени қатынастарды бірлесе отырып дамытуға деген ұстанымдары қазіргі ғаламдану заманындағы жер бетінің әр түпкірінде болып жатқан ықпалдасу үдерісінің бір көрінісі ғана. Сондықтан түркі елдерінің әлемдік саясаттан, халықаралық қатынастардан біріге отырып, ынтымақтаса отырып орын алуы заңды құбылыс. Түркі әлеміндегі ынтымақтастық, бірлік жер бетінде бейбітшілікке негізделген әлем құруда маңызды үлес қосары сөзсіз.

2021 жылы түркі ынтымақтастығының дамуы төңірегінде тағы бір мәселенің көтерілуі қараша айында Стамбулда өткен Түркі Кеңесінің мәжілісінде осы Кеңестің мәртебесі «Түркі мемлекеттерінің Ұйымы» дәрежесіне өзгеруіне байланысты болды. Бұл Орталық Азия аймағында мүддесі бар мемлекеттерді тағы да елең еткізген айтулы

оқиға болды десек артық емес. Сондықтан, біздің мақсатымыз, түркі тілдес елдердің өзара ықпалдасу үдерісі қандай да бір елдерге қарсы бағытталған әрекет емес, ол түбі бір түркі елдерінің ғасырлар бойы үзіліп қалған тарихи байланысын қалпына келтіріп, Еуропа елдері сияқты экономикалық, саяси, мәдени қатынастарын дамытып, түркі өркениетінің әлемдік өркениеттің дамуының бір бөлшегі ретіндегі орнын көрсете отырып, өзара дамуды біріге отырып қамтамасыз етуден туындаған әрекет екендігін ашып көрсету болып отыр.

Қорытындылай келе, түркі елдерінің өзара экономикалық, саяси, мәдени салаларда ынтымақтастық қатынастарын жоғары қарқынмен дамытуға барлық құқықтық негіздер, басқарушы механизмдердің нақты қалыптасқанын және экономикалық, мәдени салаларда қомақты жетістіктерге жетіп отырғандығын атап өтуге болады. Еліміздің Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев атап көрсеткендей біздің мақсатымыз – түркі әлемін ХХІ ғасырдағы маңызды экономикалық, мәдени-гуманитарлық кеңістіктердің біріне айналдыру деген пайымдауынан, түркі елдерінің ынтымақтастығына мемлекеттердің маңыз беретіні және болашағы зор екендігін байқауға болады [8].

Түркі елдерінің ықпалдасу үдерісін дамыту барлық елдер үшін тиімді болары сөзсіз екендігін ескере отырып, бірқатар пайымдаулар білдіргіміз келеді:

Біріншіден, түркі елдерінің арасындағы қалыптасқан тиімді ынтымақтастық халықаралық қатынастардың бейбіт, тұрақты түрде дамуына қосылатын қомақты үлес екендігі.

Екіншіден түркі елдері арасындағы экономикалық ынтымақтастық әлемдік шаруашылықтың, әлемдік рыноктың нығаюына, елдердің экономикалық жағынан жоғары дәрежеде дамуына, мұның өзі сол елдердің халықтарының әлеуметтік жағдайының дамуына қосылар үлкен жетістік болмақ.

Үшіншіден түркі мәдениетінің дамуы әлемдік мәдениетке қосылар қомақты сый, әрі әлемдік өркениеттің дамуына игі әсер екендігі.

Төртіншіден түркі елдері арасындағы ынтымақтастық жахандық қауіп-қатерлерге қарсы мықты тосқауыл екендігі.

Бесіншіден, түркі елдерінің берік ынтымақтастығы аймақтық және әлемдік қауіпсіздікті қамтамасыз ету кепілі екендігінде.

Сондықтан түркі елдері арасындағы ынтымақтастыққа қырын қарамай, оны да әлемдік ықпалдасу үдерісінің бір көрінісі екендігін мойындайтын кез жетті. Осы ретте түркі тілдес елдердің ынтымақтастығын дамытып, нығайту, болашақта жоғары дәрежеге жеткізу - барлық түркі елдері үшін ортақ мақсат болу қажеттігінде екендігін басып көрсеткіміз келеді

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Гаджиев А. Проблемы и перспективы интеграции тюркских стран. – [//www.rodion.org/polit](http://www.rodion.org/polit) – 16.1.2016.
- 2 ТҮРКСОЙ. Түркі мәдениеті мен өнерін ортақ дамыту жөніндегі ұйым. - Алматы, 2008. – 79 б.
- 3 Түрк ПА-ның ІІ пленарлық отырысы табысты өтті: <https://www.parlam.kz/kk/mazhilis/news-details/id5844/1/1>
- 4 Рахымов Б.С. Түркі халықтарының рухани құндылықтары. [//www.turkiya.kz](http://www.turkiya.kz)
- 5 Masuda Y. The Information Society as Postindustrial Society. Wash/: World Future Soc., 1983.-488 p.
- 6 Момынқұлов Ж. Түркі тілдес мемлекеттер интеграциясы: Қалыптасқан ұстанымға жаңаша көзқарас // Егемен Қазақстан.-2013.-10 қаңтар.

- 7 Аташ Берік Мұратұлы Түркілік Рухани Құндылықтарды Репрезентациялау: Ретроспектива-Интроспекция-Перспектива // Kultur Evreni Universe of Culture. Вселенная культура. Ежеквартальный Международный Журнал Общественных Наук №-2012.-№13.-С. 88-95.
- 8 Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Түркі тілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесінің бейресми саммитінде сөйлеген сөзі. [Электрон.ресурс]. – 2022. – URL: <https://www.akorda.kz/kz/prezident-kasym-zhomart-tokaevtyn-turkitildes-memleketterdin-yntymaktastyk-kenesinin-beyresmi-sammitinde-soylegen-sozi-312234>

